

Бекітемін
«Батыс Қазақстан жоғары
медициналық колледжі» ЖШС

Уәкілетті тұлға:
К.М.Ирменов

2021 жыл «12»



"Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-
қызметі туралы ереже

Құрастырды:	Келісілді:	Стандартталды:
Ш.Б.Кубиева Қолы: _____ Күні: 13.04.2021ж.	К.М.Ирменов Қолы: _____ Г.И.Алмагамбетова Қолы: _____ Күні: 12.04.2021ж.	М.Б.Болатбекова Қолы: _____ Күні: 14.04.2021 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 16 бабы 3 тармағына сәйкес Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерін ұйымдастыруды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2020 жылы 30 желтоқсанда бекіткен «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдары» (бұдан әрі - әдістемелік ұсынымдар) негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша, парасаттылық пен әдепті сақтау мәселелері бойынша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және азайту бойынша жұмысты ұйымдастыруды, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі бағыттарын іске асыруды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі болып табылады..

2. Комплаенс қызметі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді, "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС Жарғысын, колледждің ішкі нормативтік актілерін және осы ережені басшылыққа алады.

3. Комплаенс қызметі- уәкілетті тұлғаның басшылығымен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мақсаты

5.Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуына ықпал ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, парасаттылық пен әдепті сақтау, "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС- да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және азайту бойынша жұмыс жүргізеді.

3. Негізгі міндеттері

6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

7. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – заң) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидағтарын сақтауды қамтамасыз ету;
- 9.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
- 10.Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды тиімді іске асыру.

4.Негізгі принципі

11. "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс тиімділігіне мүдделілігі;
- 12.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметінің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 13.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың тұрақтылығы;
- 14.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;
15. "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС- да сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 16.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенсті жетілдіру.

5. Құрылымы және ұйымдастырылуы



6. Функциялары

1. Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметі іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды: комплаенс қызметінің құрылғандығы жөніндегі бұйрығы, жауапты тұлға, комплаенс қызметінің Ережесін, лауазымдық нұсқаулығын жасақтау, бекіту.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі саласындағы стандарттар мен саясатты: «Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі» ЖШС оқытушылары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Этика Кодексі, ішкі тәртіп ережесі, келісім шарт т.б әзірлеу және өзектендіру.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, жемқорлықтың алдын-алу шараларын дөңгелек үстел, мамандармен кездесу, түсіндіру, семинар т.б өткізу.
4. Мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша: ішкі талдау шараларын ұйымдастыру.
5. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын Серіктестік жұмыскерлерінің Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысынан мониторинг ұйымдастыру; тұтынушыларға сауалнамалар жүргізу (жылына екі рет).
6. Корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту: Әдеп кеңесін құру, жұмыс жоспарын жасақтау, бекіту.
7. Серіктестік жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған жағдайда) сақтауын бақылау, мониторинг, қызметкерлерге сауалнамалар жүргізу, талдау нәтижелерімен шаралар ұйымдастыру.
8. Жоғары тұрған органдармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және тәжірибе алмасу мәселелері бойынша байланысты жүзеге асыру.
9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар Қазақстан республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша жауапты тұлға қызметтік тексерістер жүргізуге бастамашылық жасау.
10. Олардың құзіретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер ұйымдастыру.
11. Комплаенс қызмет функцияларын жүзеге асыру кезінде белгілі болған ақпараттың құпиялылығын сақтау.

12.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметке қызметкерлер, білім алушылар тиісті квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу орын алған жағдайда ақпаратты хабарлауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстарын беру.

13.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетер орын алған жағдайда колледж ғимаратының әр қабатында орналасқан «Сенім жәшігіне» немесе 24-31-34 байланыс телефонына, studentsenim@mail.ru электронды поштасына, <https://www.zko-medcollege.kz/ru/> сайты, директор блогы желісіне хабарласып, мәліметті қалдыру.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдасырылған іс-шаралар туралы, жемқорлыққа қарсы әрекеттер орын алған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісі заңнамаға сәйкес мемлекеттік жауапты органдарды ақпараттандыру.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар, қажетті мәліметтер колледждің ресми сайтында тоқсан сайын толықтырылу.

7. Құқықтары мен жауапкершілігі

7.1 Комплаенс қызметі құрылымы құқылы:

1)сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін талқылау бойынша отырыстар мен кеңестерде оқу орнының мүддесін білдіруге; 2) белгіленген тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдармен, қоғамдық және өзге де ұйымдармен байланысты жүзеге асыруға; 3)басшылық алдында қызметкерлерді материалдық және моральдық көтермелеу немесе тәртіптік ықпал ету шараларын қабылдау туралы өтініш жасауға; 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шеңберінде ұйым қызметін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге; 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға; б)құрылымдық бөлімшелерінде бар барлық қажетті деректерді ағымдағы жұмыста пайдалануға; 7) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде құрылымдық бөлімшелерден ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты сұратуға және алуға; 8) өз құзыретіне жататын мәселелерді ұйым басшысының қарауына шығаруға бастамашылық жасауға; 9) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға; 10)мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің

жобаларын әзірлеуге және өз құзыреті шегінде оларды іске асыруға қатысуға;
11) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыруға және өткізуге құқылы.

7.2. Комплаенс қызметі құрылымы жауапты:

1) комплаенс қызметіне жүктелген функцияларды тиісінше орындамағаны үшін; 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін; 3) Қазақстан Республикасының Еңбек және азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен материалдық залал келтіргені үшін.

8. Міндеттері

8.1 Комплаенс қызметі құрылымы міндетті:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған ұйым туралы барлық ақпараттың құпиялылығын сақтауға;
2) сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік этика кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге;
3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы ұйымның уәкілетті тұлғасын уақтылы хабардар етуге; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға; 5) "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жұмысқа қабылданған сәттен бастап, басқа лауазымға тағайындалған кезде, сондай-ақ біліктілігін арттырған кезде (жылына кемінде 1 рет) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына қызметкерлерді жүйелі оқытуды қамтамасыз етуі қажет.

"Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар жөнінде есеп беруі қажет:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі тоқсан сайын есеп беретін адамға, сондай-ақ ұйым басшысына жіберуге;
2) жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне қарай "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС ресми интернет-ресурсында орналастыруға.

3) өзінің контрагенттерін, іскерлік серіктестерін, азаматтық қоғам институттарын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы тұрақты негізде хабардар етуге міндетті.

9. "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС бөлімшелерінің өзара іс-қимылы

29. Комплаенс қызметі құрылымы өзара әрекеттеседі:

1) "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС бөлімшелерімен (әкімшілігі, бөлімдер, оқу-клиникалық орталығы, оқу бөлімі, оқу-әдістемелік бөлімі, ақпараттық бөлімі, шаруашылық бөлімі, бухгалтерия) - құрылымдық бөлімшелердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және ішкі нормативтік актілерді сақтауы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және парасаттылық қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған іс - шараларды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша; 2) БАҚ-пен жұмыс жөніндегі маманмен - өткізілетін іс-шараларды БАҚ-та жариялау мәселелері бойынша; 3) заңгермен, арнайы мамандармен - құқықтық жалпы оқытуды жүргізу және жетілдіру бойынша; 4)

Ақпараттық бөлім мамандары мен - қызметтің жұмысы туралы ақпаратты сайтта және әлеуметтік желілердегі парақшаларда орналастыру мәселелері бойынша.

"Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылықтың бары немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алатын немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралардың тиімділігін арттыруға ұсыныстар енгізе алатын ақпараттандыру арнасы болып 24-31-34 сенім телефоны және ғимаратындағы «Сенім жәшіктері» белгіленеді.

10.Толықтырулар мен өзгертулер

№	Ережедегі қандай тармақ өзгертіледі	Жаңа редакция	Өзгертілген күні, орындаушының қолы
1.			
2.			
3.			
4.			
5.			
6.			
7.			
8.			
9.			
10.			

